


Тіл, әдебиет білгірі



I. «Бәйге» кезеңі



II. «Дода» кезеңі

III. «Кейіпкерлер әлемі»

IV. «Сөз тапқанға қолқа жоқ»

V. «Жорға»

VI. «Салт-дәстүр – асыл қазына»



VII. Ой толғау.

I. "Бәйге"



"Білгірлер" тобы

1. Қазақ тіліндегі тыйым салуға қатысты сөздер қай терминге жатады?

Табу

2. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз.

Тұрақты тіркес

3. «Әліпби» сөзі қай тілден енген?

араб тілі

4. «Компьютер» сөзін оңаша түрде тәуелдеңіз

5. Жұрнақтың түрлерін ата.

сөз тудырушы, сөз түрлендіруші

6. Дерексіз зат есім дегеніміз не?

Оймен, ақылмен сезіп білетін ұғымдардың атауы

7. «Көкпеңбек, аппақ» сөздері қай шырайда қолданылып тұр?

Күшейтпелі шырай

8. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді?

жуан, жіңішке

9. Есімше қалай жасалады?

-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер, -р, ма+с, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек

10. Қашан? Қалай? Қайтіп? Не үшін? деген қай сөйлем мүшесінің сұрақтары?

Пысықтауыш

"Алғырлар" тобы

1. **Көзқарас күрделі сөздің қай түріне жатады?**

Біріккен

2. **Көсемше қалай жасалады?**

-а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі

3. **Жалғаудың түрлерін ата.**

Көптік, септік, тәуелдік, жіктік

4. **Екпін түрлерін ата?**

Ой екпіні, тіркес екпіні, сөз екпіні, дыбыс екпіні

5. **«Ұстаз» сөзін жіктеңіз**

6. **Қандай? Қай? Қанша? Неше? деген қай сөйлем мүшесінің сұрақтары?**

Анықтауыш

7. **Дыбыс үндестігінің түрлерін ата.**

ілгерінді, кейінді

8. **Белгілі бір жердегі (аймақ, облыс, аудан) тұрғындарының сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер**

Диалектизм

9. **Жай сөйлем түрлерін ата.**

Жақты, жақсыз, Жалаң, жайылма, Толымды, толымсыз, Атаулы

10. **Буын дегеніміз не және оның түрлерін ата.**

Буын – сөзді айтқан кездегі дауыс толқыны. Ашық буын, Тұйық буын, Бітеу буын

II. "Додда"

II. "Дода"

XXIX ғасырдың
I II II
жартысындағы
әдебиет

Халық ауыз әдебиеті

XIX ғасырдың
I жартысындағы
әдебиет

XX ғасыр әдебиеті

III. "Кейіпкерлер әлемі"

1. «Биыл оның жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала-бозбаланың қалпына бейімделген. Бірақ әлі сол мүсінде, үлкендік жоқ...»

Кімнің, қандай шығармасындағы қандай кейіпкердің портреті?

М. Әуезов «Ақын қонақтар» Абайдың портреті

2. “- Шу өзенінің бойымен жүре берсеңіз, Хан және Жамбыл деген екі атауға кез боласыз. Менің әкем Жапа бір кезде осы тауларды көшіп-қонып жүрген.»

Жамбыл тауының етегінде, қақаған қыстың боранды күнінде туыппын...”

Қай ақынның сөзі?

Ж.Жабаев «Менің өмірім»

3. «Алдымда неше қатар тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.
Сұлуын дүниенің жисаң-дағы,
Бір жарымдай болмайды көңілім тоқ...»

Үзінді қай жырдан, кімнің сөзі?

Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Айбас сері

4.«- Атам маған кітаптағы араб әріптерін көрсете бастайды. Айтуға бір оңайы болса игі, бірінен-бірі өткен қиын.

Бұл кітап – Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі ақын талантына таңырқап ден қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіріп алады да, бізге сол арқылы қара танытпақ болады...»

Кімнің сөзі?

Мұхтар Әуезов «Менің өмірбаяным»

5. « - Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліңдер...»

Қай ертегідегі кімнің сөзі?

«Аяз би» ертегісіндегі Мадан хан

**6. – Балам-ау, сен іздесең кез келейін,
Сені құдай берген соң неге өлейін?
Сен бетпақтан шөлдетпей алып өтсең,
Қалың малсыз, борышсыз қыз берейін.**

Үзінді қай жырдан, кімнің сөзі?

Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Қарабай сөзі

IV. "Сөз тапқанға қолқа жоқ"

Сабақ үстінде оқушы партаға жазу жазып отырды.

**Мұғалім оған ескерту жасады,
Бірақ оқушы жазуын
бұдан кейін де жалғастыра берді.**

Оқушы мәдениеті туралы не айтуға болады?

**2. Оқушы анасынан би кешіне баруға рұхсат сұрады.
Ол бұл жайында достарымен уәделесіп қойған
болатын. Анасы баласына рұсат бермеді.
Ана мен бала арасында ренжісу, сөз алысу болды.**

Оқушы мәдениеті жайында не айтуға болады?

**Тоқсан аяғы жақындап қалған болатын.
Сабақтардан үлгерім қорытындысы шығарылуға
жақын.**

**Мұғалім оқушыдан сабақ сұрады. Оқушы сабаққа
дайындалмаған екен**

**- Сабаққа дайындалмағансың, тоқсанға «екіге»
шығасың,- деді мұғалім.**

- «Екіні» қоймаңыз, - деді оқушы.





- Неге? Күнделігіңді әкел!

- Жоқ! Күнделігімді бермеймін. «Екіні» қоймаңыз.

**Оқушы мен оқытушы арасында күрделі мәселе
қалыптасты.**

Кімді ақтауға, кімді даттауға болады?

Ү. "Жорға"



ҮІ. Салт-дәстүр - асыл қазынам

*- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса,
менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе.
Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп
бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті?*

Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр бар?

“Ер Төстік” ертегісі, құда түсу

- Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.

Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

«Аяз би» ертегісі, енші

беру

*- Алтынмен ішін безеген,
Сыртты күміс ақ отау
Келістіріп түзеген
Арттыруға сайланды.
Қырық түйе қазына,
Қырық құл мен қырық күң,
Қосып берді қызына.*

Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

«Ер Төстік» ертегісі, жасау беру.

**- Балаға таңсық болып жүрген байғұс,
Үйіне алып келіп қылды тойды.
Туғандай тумаса да қылайын деп,
Кім деп ол баланың несін қойды?**

Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

**«Алпамыс батыр»жыры, азан шақырып ат қою,
шілдехана жасау, бауырына салу.**

*-Балталы, Бағаналы ел, аман бол!
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп, ер жеткен жер, аман бол!*

Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры, қоштасу.


**- Өлім деген тәңірі иесі,
Желіккен құлан әңгісі.
Құлан мен тұлпар желіккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап жалмап кетіпті.**

Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

«Ақсақ құлан Жошы хан» аңызы, естірту

ҮІІ. "Ой толғау"

"Мамандық таңдау - өмір талабы"



Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!



Халық ауыз әдебиеті

1 . Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата.

Тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, батырлық жыры, ғашықтық жырлар, ақындар айтысы

2. Ертегілер нешеге бөлінеді?

Қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы, тұрмыс-салт

3. «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» қандай жырға жатады ?


Лиро-эпостық жыр

4. «Өтеген батыр» дастанының авторы кім ?

Ж. Жабеев

5. «Ер Төстік » ертегісіндегі кейіпкерлерді ата.

Ер Төстік, Ерназар, Кенжекей, Жалмауыз кемпір, перінің қызы Бекторы, Шойынқұлақ, Күңке, Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар, Бопыхан



XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиет

1. «Аягөз, қайда барасың?» кімнің өлеңі?

Дулат Бабатайұлы

2. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінің авторы кім ?

Сүйінбай Аронұлы

3. «Жанбота» әні қай ақынның ашу-ызаға толы өлеңі?

Біржан сал Қожағұлұлы

4. Махамбет Өтемісұлының «Тарланым» өлеңі кімге арналған ?

Исатай Таймановқа

5. «Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім» қай ақынның өлеңі?

Махамбет



XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет

1. **«Қамар сұлу» романының авторы кім ?**

С.Торайғыров

2. **«Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» өлеңдерінің авторы кім?**

А.Байтұрсынов

3. **«Менің дертім, жігіттер, емес оңай,
Болып едің дейсің ғой қашан олай.
Басқа түссе байқарсыз бәріңіз де,
Ойланбаған өмірдің бәрі солай» кімнің өлеңі ?**


Ш. Құдайбердіұлы «Өкінішті өмір»

4. **Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі кім туралы жазылған?**

Әміре Қашаубаев

5. **«Бақытсыз Жамал» романының авторы кім?**

М.Дулатов



XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет

1. «Ұлпан» романының авторы кім ?

Ғабит Мүсірепов

2. «Оюлар» – халқымыздың мәдени-ұлттық құндылықтарын қастерлеуге арналған өлең кімнің өлеңі?

Ф.Оңғарсынова

3. «Қан мен тер» трилогиясы қай жазушының шығармасы?

Ә.Нұрпейісов

4. Сәбит Мұқановтың автобиографиялық романын ата.

«Өмір мектебі» романы


5. «Білем сені, сүйем сені

Сыр сұлуы қарт анам

Сенсің мені әлдилеген

Туған сенен- мен балаң» кімнің өлеңі?

Ә. Тәжібаев



1. Көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын суреттеуді не деп атайды?

(Портрет)

2. Табиғат құбылыстарын жандандырып, кісі кейпінде суреттеу тәсілін не деп атайды?

(кейіптеу)



1. Кітаптың тақырыбы, идеясы және басты мәселелері өте қысқа түрде айтылуын не деп атайды?

(Аннотация)

2. Затты не құбылысты кішірейте суреттейтін көркемдік құрал не деп аталады?

(Литота)




**1. Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлеуі
не деп аталады?**

(Диалог)

**2. Көркем әдебиеттегі табиғат көркін суреттеу
не деп аталады?**

(Пейзаж)



1. Әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі, көркем әдебиеттегі образдың қай түріне жатады?

(Реалистік образ)

2. Екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі қалай аталады?

(Параллелизм)

